



**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы**

**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ,
СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН» студенттердің
IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical
conference of students
MATERIALS**

Астана, 2023

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NAMED BY L.N. GUMILEV
FACULTY OF PHILOLOGY
DEPARTMENT OF KAZAKH LANGUAGE EDUCATION



**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ, СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН»
студенттердің IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical conference of students
MATERIALS**

Астана қаласы, 2023

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3
С37

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Редакция алқасын басқарған: Бейсенбай А.Б.
Редакция алқасы: Маликов Қ.Т.
Саркенова Қ.Қ.
Өмірбекова Ж.Қ.

С37

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына орай «Серғалиев сабақтары – 2023» аясында өткізілген студенттердің «Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін» атты IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, – 139 б. 2023.

ISBN 978-601-337-820-6

Конференция материалдарының жинағына академик М.С. Серғалиев еңбектерінің контексі, тіл мен ұлт, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, дискурс, контекст, тіл мәдениеті, көркем мәтін, тілдің құрылымдық, семантикалық және функционалдық мәселелері бойынша мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ филология факультетінің білім алушыларына арналады.

ISBN 978-601-337-820-6

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

4. История Казахской ССР. – Алма-Ата, 1957. – 127 с.
5. Сарыбаев Ш.Ш. Монгольско-казахские лексические параллели // Проблема общности алтайских языков. – Наука, 1971. – 262 с.
6. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 328 с.
7. Сем Л.И. К вопросу о пространственных представлениях и способах их выражения в Алтайских языках // Проблема общности Алтайских языков. – Наука, 1971. – 230 с.

ҚАЗАҚ ҒАЛЫМДАРЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ СӨЗДІК ПЕН ҚАЗІРГІ ЭЛЕКТРОНДЫ СӨЗДІКТЕРДІҢ ДАМУЫ

Бижанова М.

bizhanovamarzhan2002@mail.ru

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,
6В02305 «Филология: қазақ тілі» тобының 4-курс студенті
Астана, Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі – Сағидолда Г.

Аңдатпа. Қазақ тілі біліміндегі сөздіктердің құрылысы мен әдістемесі жылдан-жылға айтарлықтай жақсарып, дамып келеді. Тіліміздегі сөздерді стильдік арақатынасына қарай іштей саралай отырып, оларды белгілі бір нормаға келтіру бірінші орынға қойыла бастады. Сол себептен де бұл мақалада қарастырылатын басты мәселе – қағаз сөздіктері негізінде дәстүрлі қағаз сөздік пен электронды сөздіктердің дамуын қарастыру және оларды салыстыру.

Аннотация. Структура и методика словарей в образовании казахского языка из года в год значительно улучшаются и развиваются. На первое место стали ставить приведение слов в определенную норму, внутренне дифференцируя их по стилистическому соотношению. Поэтому основной вопрос, который будет рассмотрен в этой статье, - это сравнение традиционных бумажных словарей и электронных словарей на основе казахских словарей.

Annotation. The structure and methodology of dictionaries in the education of the Kazakh language are significantly improved and developed from year to year. In the first place, they began to put the reduction of words to a certain norm, internally differentiating them by stylistic ratio. Therefore, the main issue that will be considered in this article is the comparison of traditional paper dictionaries and electronic dictionaries based on Kazakh dictionaries.

Сөздік бұл тілдің сөздік қорын басқа бір кезеңге жеткізетін негізгі қайнар көз болып табылады. Олар жазу мақсатына қарай әртүрлі болады. Олар халықтармен байланыс орнату, оларды тану және насихаттау мақсатында жазылған.

Қазақ лексикографиясы қазақ тіл білімінің өзге салалары тәрізді негізінен соңғы елу-алпыс жыл ішінде туып қалыптасты. Ұлт мәдениетінің дамып, ғылым мен техниканың өркендеуі, әдеби тілдің қалыптасуы сөздіктердің әр түрін шығаруға жағдай жасады. Революцияға дейін бізде не бары екі тілді шағын сөздіктер ғана болса, онан бергі кезеңде 10-15 түрлі сөздік түрлері пайда болды. Солардың ішінде ең көп шыққан түрі – екі тілді аударма сөздіктер. [1].

Қазақ ғалымдары сөздіктерді саралап, оларды қолданысы мен мақсатына қарай бірнеше түрге бөліп қарастырған. Мысалы ғалым К. Ахановтың бөлуі бойынша, сөздіктер:

І. Сөздердің шығу тегі мен олардың семантикалық дамуы туралы мағлұмат беретін сөздіктер. Оларға: 1. Этимологиялық сөздік. 2. Тарихи сөздік.

II. Қазіргі тілдердегі сөздердің мағыналарын түсіндіріп, олардың қолданылуы жайлы мағлұмат беретін сөздіктер. Олар: 1. Түсіндірме сөздік. 2. Аударма сөздік. 3. Терминологиялық сөздік. 4. Диалектологиялық сөздік. 5. Фразеологиялық сөздік. 6. Синонимдер сөздігі.

III. Сөздердің дыбыстық құрылысы мен олардың жазылуы туралы мәлімет беретін сөздіктер. Олардың қатарына: 1. Фонетикалық сөздік. 2. Орфографиялық сөздік.

IV. Заттар мен құбылыстардың ұғымдарын айқындап, түсіндіретін сөздіктер. Олардың қатарына: 1. Энциклопедиялық сөздік. 2. Иллюстративтік сөздік болып бөлініп жіктелген [2, 199-200].

К. Аханов қазіргі тілдердегі сөздердің мағыналарын түсіндіріп, олардың қолданылуы жайлы мағлұмат беретін сөздіктер қатарынан терминологиялық сөздіктерді де көрсетеді.

Ғалым М. Серғалиев түсіндірме сөздік хақында түсіндіре кетер жайлар бар екенін айтып, «Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің» халқымыздың мәдени өміріндегі жақсы құбылыс екенін және жылдан-жылға салыстырмалы түрде ғылыми әрі техникалық жағынан бірте-бірте жетіліп, сапасы артып келе жатқанын аңғаруға болатынын айтады. Сөздіктің мақсатына сай, фразеологизмдердің құрамына енетін сөздердің жеке дара күйінде түсіндірілуі, ал оған мысал ретінде келтірілген тіркестер де көңілге қонымды. Әр сөздің жекелеген мағыналарын, бір мағынаның ішіндегі нәзік реңкті дәлелдеу үшін алынған айғақ материалдардың әр стильдегі, әр жанрдағы шығармалардан (көркем әдебиет, ғылыми еңбектер, публицистикалық шығармалар, тіпті ауызекі тілі) келтірілген мысалдар болуы барынша дәлдікті және әділдікті таңдағанын атап өтеді. Алайда ғалым: «Қайсыбір жағдайларда анықтама дәл, айқын бола бермейді. Анықтамадағы мұндай кемшілік әр түрғыдан аңғарылып қалады. Айталық, сөз мағынасының толық ашылмай, анық түсірілмей, күңгірттеу болатынын солардың бірі деп қарар едік. Мысалы, жауынгер қатардағы әскери қызметкер, солдат деп анықталады. Шынында, жауынгер әскери қызметкерлердің үлкен-кішілігіне қарамай жауға қарсы шабуылына байланысты бәріне ортақ атауы емес пе?» -деген болатын [6, 136]. Сонымен қатар жаулықтың анықтамасы «әйелдер басына салатын, тартатын орамал» деп береді. Нақтылау керек еді: әйелдердің кез келгенінің басындағы орамал жаулық бола бермейтіні мәлім. Мүмкін оны халық аузында айтылып жүрген «Екінші байлық – ақ жаулық» дейтін мақалдан шығарып түсіндірген болар. Бірақ, онда жаулықтың дәл мағынасында емес, синекдохалық қызметі барын әркім сезінуге тиіс екенін тұжырымдайды. Берілген мысалдар бірталай. Ғалымның басты мақсаты – сөздіктің бұдан да сапалы болу жағын ойластырғаны болатын. Ғалым қарастырып талдаған сөздер 4 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» алынып, оқырманның ой-түсінігін кеңейтуге үлкен септігін тигізетін білімдік маңызы зор құнды еңбек болып табылады.

XX ғасырдың қырқыншы жылдарынан бастап орыс графикасына көшуге байланысты, сондай-ақ, Қазақстанда орыс тілін меңгерудің қажеттілігіне байланысты, ол кездегі алғашқы аударма сөздіктер орысша-қазақша немесе қазақша-орысша болды. Бастауыш және орта мектептерге арналған екі тілді шағын нормативті сөздіктер жасаумен 1945 жылға дейін ғана шектеліп келген болсақ, С.Жиенбаев, М.Қоқымбаевтың құрастырған «Русско-казахский словарь» (1945), 1946 жылы екі том «Орысша-қазақша сөздік», С.Жиенбаев, Н.Сауранбаевтың «Русско-казахский словарь» (1942), ал 1954 жылы бір томдық үлкен «Орысша-қазақша сөздік» (50000 сөз, редакциясын басқарған Н.Т. Сауранбаев), Х. Махмудов, Ғ. Мұсабаев, Т.Қордабаевтардың шағын «Школьный русско-казахский словарь» (1960), «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1959-1974), «Абай тілі сөздігі» (1968), «Диалектологиялық сөздік» (1969), «Этимологиялық сөздік» (1966), «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1959-1961), «Орысша-қазақша фразеологиялық сөздік» (1985), т.б. болып жалғаса берді. Бұл сөздіктер өз кезеңіндегі өлшем бойынша көлемі жағынан орташа, қазіргі кездің өлшемі бойынша шағын болып табылады. Біз үшін қазіргі кезеңде шағын сөздік болғанымен, бұл сөздіктерде сол кездегі қоғамдық өмірдегі ең қажетті де маңызды лексика қамтылды. Қазақ тіл біліміндегі екі тілді аударма сөздіктердің бірі – М. Серғалиевтің «Орысша-қазақша сөздігі» болатын. Ғалым бұл сөздікте орыс әдеби тілінің 6000 нан астам сөздер мен қазіргі сөз тіркестерін қамтитындығын

және алфавиттік ретпен қатаң түрде орналастырылғандығын атап өтеді. Орыс сөздерін қазақ тіліне аудару кезінде зат есімді және етістікті сөздердің де грамматикалық формалары келтірілген. Мысалы:

Кочевать көшу –е-мін, -т-ім;

Красить бояу –й-мын, -д-ым;

Краска бояу –дың, -ым, -лар.

Ғалым сөздіктің құрылымы жайлы былай деген болатын: «Разумеется, перечислить все грамматические формы слов в словаре невозможно, при внимательном изучении словаря данные формы могут навести читателя на мысль о закономерностях прибавления суффиксов и окончаний к слову в казахском языке. Следует учитывать, что при одинаковой форме (бояу) слова в казахском языке могут относиться к разным частям речи. Во избежание излишнего повторения отдельные слова и в оригинале, и в переводе взяты в сокращенном виде: скотный прил. мал. ; с двор м. қора (вместо скотный двор и мал қора). В тех случаях, когда слова нуждаются в окончаниях притяжательности, эти же слова даются в соответствующий форме: скрип сықыр . с. стула орындықтың сықыры» [3,3].

І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақовтың «Орысша-қазақша лингвистикалық терминдер сөздігінде» сөздікке келесідей анықтама берілген: «Словарь сөздік [анг. Vocabulary, нем. Wortshatz, фр. Vocabulaire]. Бір тілдегі барлық сөздердің алфавиттік тәртіпке түсірілген жинағы. Бұны тіл білімінде лексика деп атайды. Сөздіктің түрлері: екі тілді сөздік, түсіндірме сөздік, шет тілдер сөздігі т.б.» [4, 151-152].

В. П. Берковтың пікірінше, ХХІ ғасырдың сөздігі келесідей қасиеттерге ие болуы керек:

а) Көлемі бойынша ауқымды болуы.

ә) Пайдаланушының қажеттіліктеріне байланысты келіп түскен ақпаратты сатылы түрде алуды қамтамасыз ету.

б) Сөздіктердің дыбысталу мүмкіндігі.

в) Графикалық иллюстрациялық материалды қосу мүмкіндігі.

г) Кіріс және шығыс тілдерінің сөздері туралы толық грамматикалық ақпаратты ұсыну мүмкіндігі [Берков, 1996: 15-35].

Қазіргі таңда техника мен технология заманында дәстүрлі сөздіктермен қатар электронды сөздіктердің саны әрі сапасы да артып жатыр. Қағаз сөздіктер өз дәуірінде өркениеттің дамуына айтарлықтай үлес қосқаны белгілі. Дегенмен, адам зияткерлігі мен техника дамыған сайын сөздіктің жаңа форматына да сұраныс туып отыр. Бүгінгі күн көзқарасымен қарасақ, қағаз сөздіктерді пайдаланғанда төмендегідей кемшілік жақтары бар: сөз мағынасын іздеуге көп уақыт кетеді, көлемі жағынан шектеулі, кейін сөздікке өзгеріс енгізіп, өңдеп, жаңарта алмаушылық, жаңа сөздерді дер кезінде енгізе алмаушылық, қашықтық жағдайында тез ақпарат алмасу мүмкіндігінің болмауы және т.б.

Ал ғаламтор желісінде электрондық сөздіктерді пайдалану ақпарат алмасу қашықтығын жояды, қабылдайтын ақпарат көлемі бірнеше мәрте артады, деректерді мол көлемде сақтай алады, көшіру, өңдеу, жаңарту мүмкіндіктері бар сөздер дыбысталады, қажет деген ақпаратпен толыққанды танысу барынша тез жүзеге асады, тіл тұтынушының сөздік жасауға қатыса алады, тіл үйренушілер осы сөздіктердің көмегіне арқа сүйеп, тілді тез үйреніп, меңгере алады, жаңа сөздер сол уақытта енеді. Бір сөзбен айтқанда, электрондық сөздік – әртүрлі себептермен қағаз сөздіктерге енбей қалған көптеген мәліметтер ене алатын ерекше лексикографиялық нысан болып табылады.

Қазақ электронды сөздіктерінің бірнеше түрі бар және оның көп бөлігі екі тілді аударма сөздіктер. Орысша-қазақша және қазақша-орысша онлайн сөздік жобасы Ғаламторда 2000 жылдан бері жұмыс істеп келеді. 2002 жылдан бастап ол *sozdik.kz* адресіне орнатылды. Онлайн сөздіктің айрықша өзектілігі күнделікті өмірде де, іс-қағаздар жүргізу ісінде де қазақ тілінің жаңа сапада ерекше маңызға ие бола бастауына байланысты соңғы уақытта арта түсті. Сөздікте екіжақты аударма іске асырылған. Сөздік бір сөзді немесе сөз тіркесін аударма алады, ал аудармашы сөздерді де, еркін мәтінді де аударма алады. Сөздік тармақ осы сөздің сөйлемше және сөйлем түрінде қолдану мысалдарынан тұруы мүмкін. Мысалы, егер Сіз «ақылды» сөзін

енгізген болсаңыз, сөзді қолданудың келесідей үлгілерінен тұратын сөздік тармақ пайда болады: ақылды бала, ақылды карточка, ақылды іс, ақылды адам, және т. б. *sozdik.kz* сөздігі енгізілген сөздің морфологиясын есепке алмайды. Сол себепті, сөздерді әдеттегі қағаз сөздіктен іздеу кезіндегі сияқты, аудару қажет сөзді алдымен дұрыс қалыпқа өзгерту қажет. Егерде қолданушы сөзді теру кезінде бір әрпін қате жазған болса, сөздік әрі қарай өтіп, аудармасын табуға болатын, жазылуы жағынан ұқсас сөздердің нұсқасын көрсетеді. *sozdik.kz* онлайн сөздігінде «сөз аудару», «сөз қосу» виртуалдық пернетақтасы бар. Яғни, қазақ тілінің электрондық лексикографиялық ресурстары негізінен екітілді қазақша-орысша, көптілді аударма сөздіктер және энциклопедиялық сөздіктен тұратындығын көреміз. Бұлар электрондық сөздіктердің алғашқы бастамасы болғандықтан кемшілік, қателіктерден де ада емес. Қазақ тілінің өркен жаюы үшін олардың сапасын арттыру мақсатында қолдау жасау қажеттігі туындайды. Бұл салада бағдарламалық қамтамасыз етумен айналысқандар – бағдарлама жасаушылар, web-мастерлер, дизайнерлер мен электрондық сөздікті жасауға қатысқан редактор басқа да мамандардың еңбектері зор екендігін атап өту қажет.

Қорыта айтқанда, сөздік – сөздік қорды белгілі бір ретпен орналастырып, адамдарға іздестіруге көмек жасайтын көмекші құрал. Ал қазақ тілі біліміндегі сөздіктердің құрылысы мен әдістемесі жылдан-жылға айтарлықтай жақсарып, дамып келеді. Тіліміздегі сөздерді стильдік арақатынасына қарай іштей саралай отырып, оларды белгілі бір нормаға келтіру бірінші орынға қойыла бастады. Сөздіктің әлеуметтік қызметінің маңызы ерекше: бір жағынан ақпарат көзі ретінде одан жылдам ақпарат алуға болса; екінші жағынан ол сөздердің мағынасы мен дұрыс қолданылуы туралы нормативтік бағыт береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. – Алматы, Санат, 1997 – 256 бет.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2010. – 560 б.
3. Серғалиев М. Тілім менің-тінім менің. 1-том : мақалалар, баяндамалар. 1-том / – Астана : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. - 338, [5] б.
4. Кеңесбаев І. Жанұзақов Т. Орысша-қазақша лингвистикалық терминдер сөздігі. Алматы, 1966. – 256 бет.
5. Берков В.П. Двухязычная лексикография. - СПб.: СПУ, 1996. – 248 стр.
6. Ахметбай А.Ж. М. Серғалиевтің ғылыми мұрасы. Тіл білімі. Конф. матер. жинағы. – Астана, Еуразия ұлттық университеті. – 2013. – 401 бет. 5-10 беттер.
7. Русско-казахский словарь – Орысша-қазақша сөздік / М. Серғалиев – Алматы: Зият Пресс, 2004. – 112 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕТАФОРАНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Болат А.

aizabolat2005@gmail.com

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,
6B02305 «Филология қазақ тілі» тобының 1-курс студенті
Астана, Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі – Сарекенова Қ.Қ.

***Аңдатпа:** Тіл табиғаты жағынан да, мағына тұрпаты жағынан да, қолданысы жағынан да күрделі құбылыс саналады. Оның көркемдік эстетикалық қызметі тұрғысынан талдау кезінде оған эмоциялы-экспрессивтік реңк беретін бояуларды білу шарт. Қазақ тілінің сөздік қорының бай болуы есебінен мағынаны түрлендіру сөзді әрқилы*